



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

### КОНСТИТУЦИОННЫЙ ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

#### Қазақстан Республикасының Президенті туралы

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің құқықтық жағдайын айқындайды.

#### 1-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МӘРТЕБЕСІ

##### 1-бап. Қазақстан Республикасының Президенті

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан халқы мен мемлекеттік билік бірлігінің, Қазақстан Республикасы Конституциясының мызғымастығының, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін, билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан халқы мен мемлекет атынан өкілдік ету құқығы тиесілі.

5. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды. Қазақстан Республикасы Президентінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу заңмен қудаланады.

## 2-бап. Қазақстан Республикасының Президентін сайлау

Қазақстан Республикасының Президентін сайлау Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес өткізіледі.

## 3-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі. Қазақстан Республикасының Президенті антты мемлекеттік тілде береді.

2. Ант беру рәсімі сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде ант береді.

3. Ант беру рәсімі Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының, Конституциялық Соты судьяларының, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президенттерінің, сондай-ақ қоғам өкілдері мен шақырылған шетел азаматтарының қатысуымен өткізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Конституциясына қолын қойып тұрып, ант береді. Ант берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін, төсбелгісін, байрағын және «Алтын Қыран» орденін тапсырады.

## 4-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттік мерзімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті жеті жыл мерзімге сайланады.

2. Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі тоқтатылады.

#### 5-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін атқаруға байланысты шектеулер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті ант берген күннен бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға міндетті.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметші лауазымында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшысы лауазымында болуға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасы Президентінің саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшысы лауазымындағы жақын туыстары Қазақстан Республикасының Президенті ант берген күннен бастап бір ай ішінде өз орнынан түсуге не атқаратын лауазымын босатуға міндетті.

Осы тармақтағы мағынада Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары – оның ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, сондай-ақ жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары, балаларының жұбайы (зайыбы), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) балалары.

#### 6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің ерекшелік белгілері

1. Қазақстан Республикасы Президентінің ерекшелік белгілері – Қазақстан Республикасы Президентінің төсбелгісі мен байрағы.

2. Төсбелгінің сипаттамасын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы айқындайды. Байрақтың сипаттамасын, төсбелгі мен байрақты ресми пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

3. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына орай «Алтын Қыран» орденінің иегері болады.

4. «Алтын Қыран» орденінің сипаттамасы, оны беру негізі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

## 2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨКІЛЕТТІГІ

### 7-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саясаттағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

2) Қазақстан Республикасының атынан келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды;

3) Қазақстан Республикасының атынан келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттарға қол қоюға өкілеттіктер береді;

4) ратификациялық грамоталарға қол қояды;

5) шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктері басшыларының, сондай-ақ халықаралық ұйым басшыларының сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасы жасасқан, ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттардың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;

7) ратификацияланған халықаралық шарттардың күшін жоюды қоспағанда, Қазақстан Республикасы атынан жасалған халықаралық шарттардың күшін жою туралы шешім қабылдайды.

### 8-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттің қорғаныс кабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып саналады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;

2) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен аумағының тұтастығына, ішкі саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне тікелей қатер төнсе және бұл мемлекеттік конституциялық органдардың жұмыс істеуін бұзуға алып келсе, Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрімен және Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасымен ресми консультациядан кейін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақтарында төтенше жағдай енгізуді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, осы мән-жайлар талап ететін шараларды қабылдайды;

3) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында соғыс жағдайын енгізеді, ішінара не жалпы жұмылдыру жариялайды, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына дереу хабарлайды;

4) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы ұсынысты Құрылтайдың қарауына енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы шешім қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындайды; оны лауазымынан босатады;

7) өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін құрады;

8) Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығын тағайындайды; оны лауазымынан босатады;

9) Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекітеді.

#### 9-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Құрылтайына қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Құрылтайдың кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды;

2) Құрылтайдың бірінші сессиясын сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады;

3) Құрылтай депутаттарының Қазақстан халқына беретін анттын қабылдайды;

4) Құрылтай Төрағасы лауазымына кандидатура ұсынады;

5) әдетте, Құрылтай сессияларын ашады;

6) Құрылтай сессиялары аралығындағы кезеңде өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады, онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін;

7) Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады; егер Құрылтай Қазақстан Республикасы

Конституциясының 56-бабының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығын еңсерсе, бір ай ішінде заңға қол қояды;

8) заң шығару бастамасымен өзінің арнайы жолдауы арқылы Құрылтайдың қарауына заң жобаларын енгізеді;

9) заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді;

10) Құрылтайдың кез келген отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқылы;

11) Қазақстан Республикасы Конституциясының 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;

12) Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген жағдайларда және тәртіппен Құрылтайды таратуға құқылы.

#### 10-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Құрылтайдың келісімімен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындайды; оны лауазымынан босатады;

2) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындалғаннан кейін оның он күн ішінде енгізілетін ұсынуы бойынша Үкімет құрылымын айқындайды; Премьер-Министр Құрылтаймен консультациядан кейін енгізетін ұсыну бойынша Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін өзі дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады;

3) Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды;

4) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары және оның барлық маңызды шешімдері туралы Премьер-Министрдің баяндамасын тұрақты түрде қарайды, баяндау кезінде Премьер-Министр Үкімет жұмысы туралы есеп береді;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті есебінен қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін келіседі;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесін келіседі;

7) қажет болған жағдайда аса маңызды мәселелер бойынша Үкіметтің отырыстарына төрағалық етеді;

8) Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе не Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірсе, олардың орнынан түсу туралы мәлімдеуі бойынша, сондай-ақ Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін

немесе оны жүзеге асырмайтын Үкімет мүшесінің орнынан түсу туралы мәлімдеуі бойынша шешім қабылдайды;

9) Үкіметтің немесе оның кез келген мүшесінің орнынан түсуі туралы мәлімдемесін он күн ішінде қабылдайды немесе қабылдамайды;

10) Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі туралы шешім қабылданбаған кезде оған міндеттерді одан әрі атқаруды тапсырады;

11) өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату, Премьер-Министрді және Үкіметтің кез келген мүшесін лауазымынан босату туралы шешім қабылдауға құқылы;

12) Үкіметке Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында белгіленген функциялардан басқа өз актілерімен атқарушылық функцияларды жүзеге асыруды жүктеуге құқылы;

13) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырма береді.

#### 11-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халық Кеңесіне қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) Қазақстан Халық Кеңесінің құрамын бекітеді;
- 2) Қазақстан Халық Кеңесінің Хатшылығын құрады және оның басшысын тағайындайды;
- 3) Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### 12-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) Конституциялық Соттың Төрағасын сегіз жыл мерзімге тағайындайды; оны лауазымынан босатады;
- 2) Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Конституциялық Сот судьяларының арасынан Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын тағайындайды;
- 3) Құрылтайдың келісімімен Конституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге тағайындайды; «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңға сәйкес оларды лауазымынан босатады;
- 4) Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 11) тармақшасында және 73-бабында көзделген жағдайларда Конституциялық Сотқа жүгінеді.

13-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің соттар мен судьяларға қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын алты жыл мерзімге тағайындайды; оны лауазымынан босатады;

2) Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Құрылтайға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау және лауазымынан босату үшін ұсыну енгізеді;

3) Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын тағайындайды және лауазымынан босатады.

14-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің прокуратура органдарына қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын алты жыл мерзімге тағайындайды; оны лауазымынан босатады;

2) Бас Прокурордың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасарларын тағайындайды және лауазымдарынан босатады;

3) тоқсанына кемінде бір рет Бас прокурордың елдегі заңдылықтың жай-күйі туралы есебін қарайды.

15-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын тағайындайды; оны лауазымынан босатады;

2) Құрылтайдың келісімімен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады;

3) Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекітеді;

4) Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының тағайындалған жалпыхалықтық референдумға, Құрылтай, мәслихат депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауға дайындық барысы және референдум мен сайлау қорытындылары туралы ақпаратын қарайды.

16-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық Банкке қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындайды; оны лауазымынан босатады;
- 2) Ұлттық Банк Төрағасының ұсынуы бойынша Ұлттық Банк Төрағасының орынбасарларын тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;
- 3) тоқсанына кемінде бір рет Ұлттық Банк Төрағасының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жұмысы туралы есебін қарайды.

17-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасын тағайындайды; оны лауазымынан босатады;
- 2) Құрылтайдың келісімімен Жоғары аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады;
- 3) Жоғары аудиторлық палата туралы ережені бекітеді;
- 4) тоқсанына кемінде бір рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының палатаның жұмысы туралы ақпаратын қарайды.

18-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге тағайындайды; оны лауазымынан босатады;
- 2) жылына кемінде бір рет Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі туралы баяндамасын қарайды.

19-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің әкімдерге қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерін тиісінше астана мәслихаты, облыс аумағында орналасқан мәслихаттар,

республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды;

2) әкімдерге өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тапсырма береді және олардың орындалуы туралы әкімдердің есептерін қарайды;

3) өз қалауы бойынша астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерін, сондай-ақ тиісті мәслихаттар депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен сенімсіздік вотумы білдірілген жағдайда лауазымынан босатуға құқылы.

#### 20-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттігі жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл ретте олар Мемлекет басшысы осы органдардың басшыларын тағайындағанға дейін өз міндеттерін атқарады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының ұсынуы бойынша:

1) осы мемлекеттік органдар туралы ережелерді, олардың құрылымын және жалпы штат санын бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының Президенті өзгеше белгілемесе, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарларын, осы органдар ведомстволарының басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) аталған мемлекеттік органдардың ведомстволарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады. Қазақстан Республикасының Президенті өзгеше белгілемесе, бұл ведомстволар орталық атқарушы органдардың ведомстволары үшін көзделген мәртебеге ие болады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өзі айқындайтын мерзімде және тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының аталған органдардың жұмысы туралы есептерін қарайды.

#### 21-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыхалықтық референдумға қатысты өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының Президенті «Жалпыхалықтық референдум туралы» Конституциялық заңға сәйкес жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды. Бұл шешімді Президент өз

бастамасы бойынша, Құрылтайдың бастамасы бойынша, Үкіметтің бастамасы бойынша, Қазақстан Халық Кеңесінің бастамасы немесе жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар, Қазақстан Республикасы астанасының, барлық облыс пен республикалық маңызы бар қалалардың атынан саны жағынан тең мөлшерде өкілдік ететін Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз мың азаматының бастамасы бойынша қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті:

1) референдум өткізу туралы;

2) референдум өткізбей, референдумға шығарылатын мәселе бойынша Қазақстан Республикасының конституциялық заңын, заңын немесе өзге де шешім қабылдау қажеттігі туралы;

3) референдум өткізу жөніндегі бастаманы қабылдамау туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының Президенті референдум өткізілгенге дейін референдум бастамашысының ерік-мүддесін неғұрлым дәл білдіру үшін оның келісімімен референдумға шығарылатын мәселенің (мәселелердің) сауалын нақтылауға құқылы.

22-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өзге де өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдау жасайды. Жолдау Құрылтай сессиясында жарияланса, онда ол талқыланбайды және ол бойынша сұрақтар қойылмайды;

2) мемлекеттік наградаларды, құрметті атақтарды тағайындайды; Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттайды және құрметті атақтарды, жоғары әскери және өзге де атақтарды, жоғары сыныптық шендерді, жоғары дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді; аталған наградалардан, атақтардан, шендерден, дәрежелер мен сыныптардан айырады;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, оны сақтау және тоқтату, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды;

4) саяси баспана беру мәселелерін шешеді;

5) кешірім беруді жүзеге асырады;

6) ұлттық валютаның қолданылу тәртібін, мерзімі мен шарттарын айқындайды;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін құрады; Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп

беретін өзге де мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта ұйымдастырады;

8) Қауіпсіздік Кеңесін, өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесін құрады;

9) Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын тағайындайды; оны лауазымынан босатады;

10) Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

11) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### 3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ

#### 23-бап. Қазақстан Республикасының Вице-Президенті

1. Қазақстан Республикасының Вице-Президентін депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Вице-Президенті болып тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болып саналатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

2. Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің өкілеттігі:

1) өз қалауы бойынша өкілеттігін тоқтату туралы өтініш берген;

2) Қазақстан Республикасының Президенті оны атқаратын лауазымынан босату туралы шешім қабылдаған;

3) оның Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған немесе ол шет мемлекеттің аумағында тұруға ықтиярхат не тұрақты тұру құқығын растайтын өзге де құжат алған;

4) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) заңды күшіне енген сот шешімімен оны әрекетке қабілетсіз деп таныған немесе оның әрекетке қабілеттілігі шектелген;

6) ол заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кеткен деп танылған;

7) ол қайтыс болған немесе заңды күшіне енген сот шешімімен қайтыс болған деп жарияланған;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің өкілеттігін осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тоқтатады.

3. Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің өкілеттігі тоқтатылған күннен бастап Қазақстан Республикасының Президенті тағайындауға Құрылтайдың келісімін алу үшін жиырма күн ішінде оның кандидатурасын Құрылтайға енгізеді.

Бұл мерзім Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңге не Құрылтай сессиялары аралығындағы кезеңге тұспа-тұс келсе, Қазақстан Республикасының Президенті тиісінше Құрылтай жұмысын бастаған немесе оның кезекті сессиясы басталған күннен бастап жиырма күн ішінде Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің кандидатурасын Құрылтайға енгізеді.

4. Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

#### 24-бап. Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің өкілеттігі

Вице-Президент Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік етеді, сондай-ақ Президент айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### 4-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АКТІЛЕРІ

#### 25-бап. Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің нысандары

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңде Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарды Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оларға заңдардың Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

Үкімет бастамасымен шығарылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оған актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

4. Қазақстан Республикасының Президенті тиісінше жарлықтар мен өкімдер шығаратын мәселелердің тізбесі осы Конституциялық заңның 26 және 27-баптарында айқындалады. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде қажет болған жағдайда өзінің тиісті өкілеттіктерін атқару үшін шығарылатын актілердің түрлерін (жарлықты, өкімді) өзі дербес айқындауға құқылы.

#### 26-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде және оларды орындау үшін шығарылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің актісін шығаруды талап ететін Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық өкілеттіктері жүзеге асырылады;

2) мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді жұмыс істеуін, сондай-ақ билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы Конституцияда және заңдарда белгіленген жауапкершілігін қамтамасыз ету мәселелері шешіледі;

3) Құрылтайдың заңнамалық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкіметтің және басқа да мемлекеттік органдардың заңдарда белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелердің құқықтық жағынан реттелуі жүзеге асырылады;

4) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуының және оның сыртқы саясатының стратегиялық мәселелері бойынша шешім қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті шығаратын жарлықтардың ғана нормативтік құқықтық акт ретінде күші болады.

#### 27-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкімдері

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өкімдері Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының негізінде және оларды орындау үшін шығарылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің өкімдерімен:

1) әкімшілік-өкімдік, жедел және құқықтық сипаттағы мәселелер шешіледі;

2) конституциялық мәртебесі жоқ лауазымды адамдар лауазымға тағайындалады және одан босатылады.

28-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін дайындау және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу

1. Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі және Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өзге де мемлекеттік органдар;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;

4) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар әзірлейді.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілетін актілердің жобалары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленеді және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізіледі;

2) заң техникасы мен іс жүргізу талаптарына сай болуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Президенті шығарған актілердің нөмірленуі Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттік мерзіміне жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің түпнұсқалары және олардың материалдары Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшесінде сақталады, заңнамада белгіленген мерзім өткеннен кейін Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тапсырылады.

4. Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын әзірлеудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібінің сақталуын бақылауды және оларды Мемлекет басшысының қарауына ұсынуды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

29-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күшін жою тәртібі

1. Өзгерістер мен толықтырулар:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің өкімдеріне Қазақстан Республикасы Президентінің өкімдерімен енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының күші Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен, Қазақстан Республикасы Президенті өкімдерінің күші Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен және өкімдерімен жойылады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің заңды күші бірдей актілері арасында қарама-қайшылық болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті актісінде өзгеше белгіленбесе, қолданысқа кейінгі енгізілген акт басшылыққа алынуға тиіс.

### 30-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі

1. Егер Қазақстан Республикасының Президенті өзгеше белгілемесе, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік сипаттағы актілері алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бір мезгілде қолданысқа енгізіледі.

2. Егер Қазақстан Республикасының Президенті өзгеше белгілемесе, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік сипаты жоқ актілері оларға қол қойылған кезден бастап күшіне енеді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ресми жариялануға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері өзге де баспа органдарында жариялануы, телевизия, радио арқылы халыққа жария етілуі, Интернетте орналастырылуы, тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдар мен олардың лауазымды адамдарына жіберілуі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар Қазақстан Республикасы Президентінің актілері жарияланбауға тиіс. Мұндай актілердің түпнұсқасына құпиялық белгісі қойылады және олар қолданылатын органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың назарына белгіленген тәртіппен жеткізіледі. Қазақстан Республикасы Президентінің аталған актілерінің мазмұны белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында баяндалуы мүмкін.

### 5-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУ, ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТІРУ

#### 31-бап. Қазақстан Республикасының Президентін мерзімінен бұрын лауазымынан босату, қызметінен кетіру

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен өз еркімен орнынан түсуіне құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілеті болмаған жағдайда Құрылтайдың шешімімен мерзімінен бұрын лауазымынан босатылуы мүмкін.

3. Мемлекетке опасыздық жасау жағдайын, яғни Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне, аумағының тұтастығына нұқсан келтіру мақсатында жасалған қасақана әрекетін, сондай-ақ соғыс немесе қарулы қақтығыс кезінде жау (қарсылас) жағына өтіп кеткен, шет мемлекеттің Қазақстан Республикасына қарсы дұшпандық әрекет жасауына көмек көрсеткен және бұл үшін Құрылтай Қазақстан Республикасының Президентін Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен қызметінен кетіруі мүмкін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігін атқару кезінде жасаған әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Президенті қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

4. Қазақстан Республикасының Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін оның қарауы кезеңінде ұсынылмайды.

### 32-бап. Қазақстан Республикасы Президенті өкілеттіктерінің ауысуы

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне өтеді; Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің денсаулық жағдайына немесе жеке сипаттағы өзге де себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасына өтеді; Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін Қазақстан Республикасы Құрылтайы Төрағасының қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдеме береді. Қазақстан Республикасының

Конституциялық Соты Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдемені осы тұлғаның өзі және өз еркімен бергенін растайды және күнтізбелік үш күн ішінде қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министр өкілеттігін доғарады. Бұл жағдайда бос мемлекеттік лауазымдарға орналасу Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлғаның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасауға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқығы жоқ.

## 6-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### 33-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін мемлекет тарапынан қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және күзету республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

### 34-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің жалақысы және демалысы

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жалақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының Президентіне күнтізбелік қырық бес күн мерзімге жыл сайынғы ақы төленетін демалыс беріледі.

### 35-бап. Қазақстан Республикасы Президентін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметте болған кезде Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік резиденциялармен, Қазақстан Республикасының астанасындағы қызметтік пәтермен қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының Президенті қызметтік автомобиль көлігімен, әуе көліктерімен, сондай-ақ арнаулы техникамен жабдықталған көлік құралдарының өзге де түрлерімен қамтамасыз етіледі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелеріне тұрғын үй және көлік қызметін көрсетуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, сондай-ақ өздерінің құзыретіне сәйкес

Мемлекеттік күзет қызметі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелеріне медициналық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы қамтамасыз етеді.

5. Арнаулы байланыс құралдарымен Мемлекеттік күзет қызметі қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің бүкіл қызмет кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің жеке кітапханасы мен жеке архиві құрылады.

### 36-бап. Қазақстан Республикасының Президентін күзету

1. Қазақстан Республикасының Президентін күзету Мемлекеттік күзет қызметінің тиісті бөлімшесіне жүктеледі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жұбайы (зайыбы) және Қазақстан Республикасының Президентімен бірге тұратын басқа да отбасы мүшелері күзетіледі.

### 37-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мемлекеттік орган болып саналады, оған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің қызметін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының Президентін елдегі жағдай туралы уақтылы және толық хабардар ету;

3) Қазақстан Республикасы Президенті шешімдерінің толыққанды орындалуын қамтамасыз ету;

4) Мемлекет басшысы белгілейтін өзге де өкілеттікті жүзеге асыру жүктеледі.

### 38-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар, мекемелер мен ұйымдар

1. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық өкілеттігін жүзеге асыру және оның қызметін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан консультативтік-кеңесші органдар, өзге де мекемелер мен ұйымдар құрылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті:

1) консультативтік-кеңесші органдардың құрамын айқындайды, Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан өзге де мекемелер мен ұйымдарды құрады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, өзге де мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындайды;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар, өзге де мекемелер мен ұйымдар туралы ережелерді бекітеді;

4) консультативтік-кеңесші органдар басшыларының осы органдардың жұмысы туралы есептерін қарайды.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар аппараттарының қызметкерлері Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қызметкерлері болып саналады.

4. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін ұйымдастыру мен өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңында айқындалады.

## 7-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ

### 39-бап. Қазақстан Республикасы экс-Президенттерінің мәртебесі

1. Қызметінен кетірілгендерден басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президенттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.

2. Қазақстан Республикасы экс-Президентінің Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырыстарына, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуіне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелеріне арналған салтанатты жиындарға және мемлекет өткізетін өзге де іс-шараларға қатысуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасының экс-Президентіне, оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды. Қазақстан Республикасы экс-Президентінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу заңмен қудаланады.

### 40-бап. Қазақстан Республикасының экс-Президенттерін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының экс-Президентін қамтамасыз ету, оған қызмет көрсету және күзету республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының экс-Президентіне:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымдық жалақысының сексен пайызы мөлшерінде өмір бойына зейнетақы белгіленеді. Қазақстан Республикасы экс-Президентінің осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген зейнетақысы Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымдық жалақысының өсуіне қарай көтеріледі;

2) пәтер мен резиденция, күзет, жүргізушісі бар қызметтік көлік (жерүсті және әуе көлігі) беріледі, медициналық қызмет көрсетіледі, ел аумағында жүріп-тұруына жағдай жасалады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жеке архиві мен жеке кітапханасының материалдары Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі қызметі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының экс-Президентінің меншігінде болады.

#### 41-бап. Қазақстан Республикасы экс-Президенттері құқықтарының кепілдігі

Мемлекетке опасыздық жасау жағдайын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін атқару кезінде жасаған әрекеті үшін Қазақстан Республикасының экс-Президенті қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

### 8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 42-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін өзге де заңнамалық актілердің қолданылуы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы заңнамасының нормалары Қазақстан Республикасының Президентіне қолданылмайды.

#### 43-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Конституциялық заң 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілген күннен бастап «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының күші

жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Қ. ТОҚАЕВ**